

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне Шекара әскерлері арнаулы техникасы мен басқа да материалдық құралдарды жеңілдікпен беру туралы келісімді жүзеге асыру тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 18 қыркүйек N 1139

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне Шекара әскерлері арнаулы техникасы мен басқа да материалдық құралдарды жеңілдікпен беру туралы 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Келісімді (бұдан былай - Келісім) жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен саласына арнаулы техникалар, өзге де материалдық құралдарды жасау мен жөндеу және оларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне беру жөніндегі кәсіпорындар енетін басқа да орталық атқарушы органдары қол қойылған Келісімге сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Сыртқы шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне өз аумақтарында шығарылмайтын Шекара әскерлері арнаулы техникаларын және өзге де материалдық құралдарды (қару-жарақ пен әскери техниканы қоспағанда) беру Шекара әскерлерінің қолбасшылары Кеңесімен бекітілген Тізбеге сәйкес (ал мұндай келісім жасамаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер үшін - шекаралық ведомстволар басшылары бекіткен Тізбе бойынша, екіжақты негізде), 1-қосымшаға орай үкіметаралық келісімдер және тұтынушы-мемлекеттің Шекара әскерлері мен Қазақстан Республикасының кәсіпорындары арасында тікелей шарттар бойынша ешқандай лицензияларсыз және рұқсаттар алмай-ақ жүзеге асырылсын.

Берілетін Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен өзге де материалдық құралдардың (қару-жарақ пен әскери техниканы қоспағанда) номенклатурасы мен санын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісімімен айқындайды.

3. Келісімге сәйкес берілетін Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен өзге де материалдық құралдардың тізбесіне енгізілген қару-жарақ пен әскери техникалардың және оларды жөндеудің номенклатурасын, санын және беру тәртібін 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне осы қаулыға сәйкес берілетін Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен өзге де материалдық құралдардың рұқсат етілмеген қайта орналасуына (реэкспортына) жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлері үшін Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен өзге де материалдық құралдарының құны Қазақстан Республикасының осы техникалар мен өзге де материалдық құндылықтарына тиісті тұтынушылар үшін кәсіпорындар белгілеген бағалар бойынша айқындалсын.

6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің аумақтарында шығарылған, осы мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын күзету мұқтаждары үшін алынған, сондай-ақ жөндеуге жіберілген немесе жөндеуден қайтарылған Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен өзге де материалдық құралдары (қару-жарақ пен әскери техниканы қоспағанда) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралары

арқылы кедергісіз, кеден баждары және өзге де алымдар алынбастан өткізіледі.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Үкіметтеріне осы қаулының мазмұнын жеткізетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 18 қыркүйектегі  
N 1139 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті  
жөніндегі мемлекеттік комитеті беретін квоталар бойынша Тәуелсіз  
Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне  
жеңілдікпен беру көзделген Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен  
басқа да материалдық құралдардың

ТІЗБЕСІ

## I. Автомобиль техникасы

- |                                     |      |
|-------------------------------------|------|
| 1. Жеңіл автомобильдер              | 8703 |
| 2. Жүк автомобильдері               | 8704 |
| 3. Өздігінен түсіргіш автомобильдер | 8704 |
| 4. Жолаушы автомобильдері           | 8702 |
| 5. Арнаулы автомобильдер            | 8705 |

оның ішінде:

қызмет атқаруға

өрт сөндіруге

суару-жууға

тазалауға арналған автомобильдер

автоцистерналар

авторефрижаторлар

нан тасуға арналған фургон автомобильдер

автокрандар

автотиегіштер

- |               |      |
|---------------|------|
| 6. Тракторлар | 8701 |
| 7. Тіркемелер | 8716 |

оның ішінде:

бір осьті

екі осьті

- |                        |      |
|------------------------|------|
| 8. Жартылай тіркемелер | 8716 |
|------------------------|------|

## II. Инженерлік қаруландыру құралдары

1. Бекініс орындарын қазуға арналған құрал-саймандар
2. Бүркемелеу құралдары
3. Электротехникалық құралдар
4. Далалық сумен жабдықтау құралдары

## III. Шекара күзету құралдары

- |  |      |
|--|------|
| 1. Дабыл беру жүйелері (кешендері)     | 8531 |
| 2. Прожекторлық жарактандыру құралдары | 9405 |
| 3. Өрт-күзеті дабыл беру құралдары     | 8531 |

## IV. Арнаулы БТП техникасы

1. Құжаттарды тексеру техникасы
2. Арнаулы бақылау техникасы

V. Жедел органдарда қолданылатын арнаулы техникалық құралдар

1. Қозғалту көлік құралдары
2. Дербес және стационарлық ЭЕМ 8471

VI. Байланыс техникасы (құралы)

1. Көмекші аппаратура және жабдық
2. Есептеу техникасы 8471

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 18 қыркүйектегі  
N 1139 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Шекара әскерлеріне жеңілдікпен беру көзделген Шекара әскерлері арнаулы техникалары мен басқа да материалдық құралдардың

ТІЗБЕСІ

I. Авиациялық техника

1. Ұшақтар 8802
2. Тікұшақтар 8802
3. Жерүсті жабдықтары 8802

II. Бронетанктік техника

1. Бронетранспортерлер 8710
2. Жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары 8710

III. Инженерлік жарақтандыру құралдары

1. Өткізуге керекті құрал-жабдықтар
2. Инженерлік оқ-дәрілер

IV. Шекара күзеті құралдары

- Радиолокациялық қаруландыру құралдары 8526

V. Әскери-химиялық қарулар және қорғану құралдары

1. Тыныс алу органдарын қорғау құралдары

2. Теріні қорғау құралдары
3. Арнаулы өңдеу құралдары
4. Ұжымдық қорғаныс құралдары
5. Радиациялық және химиялық барлау құралдары
6. Газсыздандыру, залалсыздандыру және дезинфекциялаушы заттар мен ерітінділер
7. Түтіндеткіш, боямалау, тұтандыру, оқып-үйрену және жөндеу құралдары

#### VI. Теңіз техникасы

- |  |      |      |
|--|------|------|
| 1. Кемелер                                 | 8906 |      |
| 2. Катерлер                                | 8906 |      |
| 3. Арнаулы теңіз техникасы және жабдықтары |      | 8906 |

#### VII. Жедел органдарда қолданылатын арнаулы техникалық құралдар

1. Жалпы пайдалануға арналған қабылдау-хабар беру байланыс құралдары
2. Арнаулы нақты шараларды орындауға арналған қару-жарак құралдары

#### VIII. Байланыс техникасы (құралдары)

- |                    |      |
|--------------------|------|
| 1. Радиоаппаратура | 8526 |
|--------------------|------|

оның ішінде:

радиотаратқыштар  
 стационарлық радиостанциялар  
 ҚТ радиостанциялар  
 УҚТ радиостанциялар  
 радиорелелік станциялар  
 автомобильдік радиостанциялар  
 командалық-штабтық машиналар  
 радиоқабылдағыш құрылғылары

- |                         |      |
|-------------------------|------|
| 2. Телефон аппаратурасы | 8517 |
|-------------------------|------|

оның ішінде:

телефон станциялары  
 шекара заставасының коммутаторлары  
 телефон байланысының автомобильдік аппараттары  
 ЖЖ телефон аппаратурасы  
 далалық телефон аппараты

- арнаулы телефон аппараттары
- хабарлау аппаратурасы
- диспетчерлік байланыс аппаратурасы
- әкімшілік байланыс аппаратурасы
- 3. Телеграф аппаратурасы 851782
- оның ішінде:
  - дыбыспен телеграфтау аппаратурасы
  - телеграф аппараттары
  - фототелеграфтық және факсимильдік аппараттар
  - желілік-телеграф коммутаторы
- 4. Арнаулы аппаратура 8517
- оның ішінде:
  - телефондық ЖБА аппаратурасы
  - телеграфтық ЖБА аппаратурасы
  - автомобильдік аппараттар
- 5. Теңіз байланыс техникасы 8526
- оның ішінде:
  - радиотаратқыштар
  - радиоқабылдағыштар
  - көмекші аппаратура
- 6. Авиациялық радиотехника құралдары 8525
- оның ішінде аэродромдық